

Қазақстан Республикасының 1984-1993 жылдары туылған азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 115 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Сарқан ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 31 наурызда N 2-17-102 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19, 20-баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 8)-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 1163 Жарлығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1984-1993 жылдары туылған азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Аудандық шақыру комиссияның төмендегі құрамы құрылсын:

Құмарғалиев Руслан Шораұлы	-	"Сарқан ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);
Бақтыбаев Есболат Шаймұратұлы	-	"Сарқан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдастыру мемлекеттік-құқықтық және кадрлар бөлімінің бас маманы, төраға орынбасары;
Тоғанбаев Қайрат Кәкібайұлы	-	Сарқан аудандық ішкі істер бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығы – комиссия мүшесі (келісім бойынша);
Шылғаубаев Алтай Қанийұлы	-	Сарқан ауданы "Сарқан ауданының аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының дәрігер - хирургі, комиссия мүшесі (келісім бойынша);
Дидар Нұртөлеуұлы	-	"Сарқан ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскери қызметкерлерді келісім шарт бойынша және шақыру бөлімшесінің бастығы, комиссия мүшесі (келісім бойынша);
Байғошанова Қатшан Болысбекқызы	-	Сарқан ауданы "Сарқан ауданының аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының медбикесі-комиссияның хатшысы(келісім бойынша).

3. Сарқан ауданы "Сарқан ауданының аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (М.Долаева) келесі талаптарды орындау ұсынылсын:

1) шақыру басталғанша әскерге шақырылушыларды әскери құжатқа белгі соғу үшін қан тобы және резусының анықтамасымен, қан, зәр тексерулерімен, кеуде қуысының суретімен, иммундық тапшылық вирусын тексеру анықтамасымен қамтамасыз ету;

2) шақыру аяқталғанша әскерге шақырылушылар емделінсін, осы мерзімге дейін амбулаторлық емделуде болғандардың жеке карталарын (Ф-025-У үлгісі) қорғаныс істер жөніндегі бөлімге егілудің алынған түрлерін көрсетіп, жүйке ауруына, туберкулезге, тері-венерологиялық ауруларға, жұқпалы ауруларға, нашақорлыққа шалдыққандардың тізімін тапсыру.

4. "Сарқан аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ә. Иманғалиева) әскери қызметке шақыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды жүргізсін.

5. Сарқан аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы А. Асқарбаевқа:

1) әскерге шақырылушылар мен шығарып салушылар арасында тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін кезекшілік ұйымдастыру ұсынылсын.

2) әскери қызметтен бас тартқандарды іздестіру үшін аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерін жұмылдыру ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ғ. Маманбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы аудандық әділет басқармасында тіркелсін және алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі *Ә. Жақанбаев*

КЕЛІСІЛДІ:

"Сарқан ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы *Құмарғалиев Руслан Шораұлы*
31 наурыз 2011 жыл

Сарқан аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы *Асқарбаев Айдын Төреханұлы*
31 наурыз 2011 жыл

Сарқан ауданы "Сарқан ауданының аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері *Долаева Мәншүк Садырбекқызы*
31 наурыз 2011 жыл